

**"Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540  
бұйрығына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 559 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 13 желтоқсанда № 9971 тіркелді

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:  
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде:

мынадай мазмұндағы 237-1-тармақпен толықтырылсын:  
«237-1. Орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының жойылатын (таратылатын) құрылымдық (аумақтық) бөлімшелерінің жоспарлы тағайындауларын көшірген жағдайда, жоспарлы тағайындауларды қабылдап алған республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшілеріне немесе мемлекеттік мекемеге жоғарыда көрсетілген бөлімшелердің қызметкерлеріне еңбекақыны, салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді, міндетті және ерікті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды аударуға, банктік көрсетілетін қызметтердің ақысын төлеуге р ұ қ с а т е т і л е д і .

Жойылатын (таратылатын) кезеңде өз функционалдық міндеттерін орындаған қызметкерлердің ағымдағы шоттары мен жинақтау шоттарына ақшаны аудару кезінде аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне ұсынылатын төлеуге берілетін шот пен ақшаны алушылардың тізімі негізделген және дұрыс болуы үшін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және мемлекеттік мекеме жауапты болады.».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік рәсімдер әдіснамасы департаменті (З.А. Ерназарова) мыналарды:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялауға бұқаралық ақпарат құралдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің

интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қаржы министрі*

*Б. Сұлтанов*

« К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ұ л т т ы қ э к о н о м и к а м и н и с т р і

Е. Досаев

*2014 жылғы 12 желтоқсан*

« К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ұ л т т ы қ б а н к і н і ң т ө р а ғ а с ы

Қ. Келімбетов

*2014 жылғы 12 желтоқсан*